| **к, шығармашылы к, эксперименталд ық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | **таныстыру)**<br>**Мақсаты:** мүмкіндіктеріне қарай күтушіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>Балаларды тамақ ішерде табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктерін жетілдіру.<br><br>**"Мен кіммін? Бұл кім?" жаттығуы.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** "Мен" бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету; ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге ынталандыру.<br>Балаға өзі бала деп айтқызу.<br>Атын, жасын айтқызу.<br>Ойыншығын көрсеткізу, атату.<br>Жанындағы баланың атын, онымен ойнайтынын айтқызу.<br><br>**"Біздің Елбасымыз" тақырыбында суреттерді көру.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>"Мемлекеттік рәміздер".<br>**Мақсаты:** еліміздің рәміздері олардың ерекшеліктері туралы әңгімелесу. | **таныстыру)**<br>**Мақсаты:** бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау (мысалы, фикус, аспидистра, бальзамин), өсімдік бөліктерін тану; қарапайым тапсырмаларды өздігінен (ересектің көмегімен) орындауға, өсімдіктерді (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажетіне қарай) суаруға баулу; қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**"Құырмаш" саусаққа арналған жаттығу.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, дене тәрбиесі)**<br>**Мақсаты:** баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, саусақ жаттығуларын,тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Қимылдарды жаттығу мәтінінің мағынасына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қошақанға бар!<br>Сен тұр – құлыншаққа бар!<br>Сен тұр – лаққа бар!<br>Сен тұр – бұзауқанға бар!...<br>Сен тұр – ботаңа бар!<br>Ал сен алаңдамай,<br>Қазан түбін жалап, үйде жат.<br><br>**"Суретті құрастыр" жаттығуы.**<br>**(құрастыру, қоршаған әлеммен** | **әрекеті, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** мүмкіндіктеріне қарай күтушіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалын игерту; балаларды еңбекке баулу, ересектерге көмектесуді үйрету.<br><br>**Санамақтар айтқызу.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)**<br>**Мақсаты:** баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, саусақ жаттығуларын,тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>"Кел, санайық санамақ"<br>Бір, екі, үш,<br>Бір, екі, үш,<br>Ал, кәнеки, үш.<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау - ауыл шеті.<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Ал, кәнеки, кон.<br>Асықпа да саспа,<br>Бірден қайта баста.<br><br>**"Қайда орналасқан?" ойын жаттығуы.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** сөздерді септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. | **(еңбек дағдылары, дербес іс-әрекеті, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, заттарды орнына жинауға баулу.<br>Заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану амалдарын түсінуге көмектесу; әр заттың өз орнын есте сақтап, қайта орнына қоюға үйрету; өзгеге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**"Желбірейік туымыздай!"**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)**<br>- Балалар, орнымыздан тұрып, жалаушаларымызды қолымызға алып, сергіп алайық.<br>Желбірейік туымыздай!<br>(қолдарын жоғары көтеріп, жалаушаларды желбіретеді),<br>Тәуелсіздік теңіміз (қолдарын алға созып, жалаушаларын желбіретеді).<br>Татулығы желбіреген (қолдарын жанына жіберіп, жалаушаларын желбіретеді),<br>Егеменді еліміз (жалаушаларын төменнен жоғары қарай желбіретіп көтеру).<br><br>Ел бөбегі бүлдіршін, жас баламыз.<br>Астанамыз – бас қаламыз.<br>Алға нық басамыз,<br>Ғасырдан асамыз.<br>Мәңгі бір жасаймыз,<br>Астанам – бас қаламыз. | **әрекеті, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.<br>Кез келген жабдық пен құралдың орнын есте сақтауға көмектесу, ұқыптылыққа баулу.<br><br>**"Ретімен орналастыр" үстел үсті ойыны.**<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту.<br><br>**"Үй жануарлары" дидактикалық ойыны.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)**<br>**Мақсаты:** балаларды үй жануарлары мен төлдерін ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін суреттеп, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br><br>**"Топ-топ басайық" ойыны.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)**<br>**Мақсаты:** балаларды мәтінде айтылған сөздерге сәйкес қимылдарды орындауға үйрету .<br>Топ, топ, топ, топ басайық,<br>(Шеңберге тұру)<br>Жалаудан күн жасайық,<br>(Қолдарын көтеру) |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | таныстыру)<br>Тұтас бейнені (қиылған бөліктерден) құрастыруда бөлшектерді орналастыру, бұрын алынған дағдылардың бірі төсеу дағдыларын дамыту. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. | | (Ж. Қалжанова) | Жаса, жаса, алтын күн! (Бір орында аяқты нық басып жүру)<br>Жаса, жаса, алтын күн!<br>Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: "Тоқта!». Балалар баяулап, тоқтайды. Ойын қайталанады. |
| Ертеңгілік жаттығу | Жалпы дамыту жаттығулары (доппен).<br>**(дене тәрбиесі, музыка, дербес әрекет)**<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, доптарын қояды.<br>2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Доптарын кеуде тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). | | | | |
| Таңғы ас | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды (көпірту, мұқият шаю), қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету.<br>Әдепті бала болайық,<br>Қолды сабынмен жуайық.<br>Жуып-жуып, алақай!<br>Таза болдық, балақай!<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>Әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай аппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оның қасына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға, өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бата беру<br>Рахмет дәміңе,<br>Ризалық берсін бәріңе.<br>Аман болсын басыңыз,<br>Жүзге жетсін жасыңыз. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | «Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br>"Күй күмбірі": "Саржайлау". Тәттімбет (орындаған Біләл Ысқақов)<br>«Өнегелі»: Тақырыбы: "Патриоттық сезім". **Мақсаты:** балалардың Отанына, халық салттарына сүйіспеншілік негіздерін қалау. Туған өлке, қала, ауыл, көше, көршілер, топтастар туралы әңгімелесу; туған өлке фотосуреттерімен таныстыру, таныс жерлерді айтқызу.<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу.<br>**Қауіпсіз жайлы, дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру** | | | | |
| | **"Елтаңбасы елімнің" дидактикалық ойыны.**<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** еліміздің елтаңбасын ажыратуға үйрету.<br>- Балалар, қазір біз "Елтаңбасы елімнің" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Ойынның шартын тыңдаңдар. Тақтадан көптеген белгілер көрсетіледі. Сендер еліміздің елтаңбасын көрген кезде "Қазақстан" деп айтасыңдар. Еліміздің елтаңбасы қанша рет қайталанса, сендер сонша рет "Қазақстан" деп айтасыңдар. Балалармен бірге ойынды қадағалап отырамын, соңында жақсы ойнаған балаларға бәйтерек бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. | **"Біздің ел" дидактикалық ойыны.**<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** балалардың біздің Отанымыз, астанасы туралы білімдерін кеңейту.<br>**Барысы:** педагог суреттерді көрсетеді және балаларға сұрақтар қояды. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап етеді. | **"Не қайда мекендейді?" ойыны.**<br>**(қоршаған ортамен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру. Сұраққа толық жауап беруді үйрету.<br>Жануарлардың қоректері жайлы білімдерін толықтыру. | **Шаттық шеңбері.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Армысыз, қайырымды Аспан ата!<br>Армысыз, мейірімді Жер - Ана!<br>Армысыз, шуғылалы Алтын - Күн!<br>Қуан, шаттан алақай! | **Туған өлке туралы фотосуреттерді қарастыру**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.<br>Суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.<br>Патриоттық сезімді арттыру, туған өлкенің көрікті жерлерін білуге тәрбиелеу. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>"Жайна елім менің!"<br>**Міндеттері:** балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын орындау; жүгіру кезінде балалардың бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге жаттықтыру және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі | **Дене тәрбиесі**<br>"Мен - чемпион боламын!".<br>**Міндеттері:** балаларда бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, қақпадан асыра лақтыру, допты екі қолымен кеуде тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен | **Музыка**<br>"Тәуелсіз елім"<br>**Міндеттері:** музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: сөздерді анық айту, әннің | **Дене тәрбиесі**<br>"Жаңа доп".<br>**Міндеттері:** балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөрененің үстімен тез адымдап жүруге үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа | **Қазақ тілі**<br>"Қыс қызығы".<br>**Міндеттері:** қыс мезгіліне тән белгілерді, ойын-сауық атауларын қазақ тілінде жаттылау және жүйелеу, қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту; сұрақтарға дұрыс жауап беру керектігін үйретуді жалғастыру. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларын жетілдіру. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігін дамыту. Қимылдарды үйлестіруге баулу. Дене сапаларын: епттілік пен шапшаңдықты дамыту. Құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға баулу. | лақтыру, допты қағып алу машықтарын дамыту. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігін дамыту. Қимылдарды үйлестіруге баулу. Дене сапаларын: епттілік пен шапшаңдықты дамыту. Құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға баулу. | сипатын жеткізу. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Музыкалық аспапта (қоңыраумен) ойнау. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. | ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігін дамыту. Қимылдарды үйлестіруге баулу. Дене сапаларын: епттілік пен шапшаңдықты дамыту. Құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға баулу. | |
| | **Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.** "Тәуелсіздік алған күн" **Мақсаты:** балаларды еліміздің тәуелсіздігі туралы өлеңмен таныстыра отырып, жатқа айтуға үйрету; тәуелсіздік мерекесінің бүкілхалықтық екенін ұғындыру. | **Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар** "Аяз өрнектері". **Мақсаты:** қыс құбылыстары туралы көркем сөздер мен жұмбақтар арқылы балалардың сөздік қорын молайту; ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын және зейіні мен есте сақтауын, ойлауы мен қабылдау қабілетін дамыту. **Құрастырудан ойын-жаттығулар** "Шырша ойыншықтары". **Мақсаты:** балаларды қағазды бүктемелеу қасиетімен таныстыру, шаршы пішінді қағаз бетінің бұрыштары ұштарын ортаға қарай кезекпен бүктемелеп, дөңгелекке ұқсас жаңа пішінді, шырша ойыншығын құрастыруға үйрету. Құрылыс нәтижесімен ойнату. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығулар** "Орман шыршасы". **Мақсаты:** балаларда "биік", "аласа" ұғымдары туралы түсінік қалыптастыру; заттардың биіктігі мен ұзындығы секілді қасиеттері туралы түсінік аясын кеңейту; жабайы аңдардың қысқы тіршілігін пысықтау, адамдардың жаңа жылды қарсы алу әдебімен таныстыру. Үстел басындағы дамыту жаттығуы. "Биік шыршаны табайық". | **"Киіз басу" рөлдік ойыны.** **Мақсаты:** балаларға киізді басу әрекеттеріне машықтандыру; ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; епттілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Құралдары: киізге ұқсас көрпелер, таяқтар, жіптер. Киіз басып аяқпен, Дөңгелентіп аламыз. Сабалаймыз таяқпен, Білектеймiз, жаямыз. Г. Кужагулова. **(шығармашылық дағдылар)** | **Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар** "Қардың қасиеті". **Мақсаты:** балалардың қыс мезгілде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; қардың қасиетімен таныстыра отырып, қардың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; қардың қасиеттерін атай білуге үйрету. |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуенге** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет)** | | | | |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| дайындық | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуте, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы).<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды аузына алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу.<br>BilimKids дамытушы мультфильмі<br>Киюді үйрену<br>Әжем қадап берген түймені,<br>Ешкім жұла алмайды, өйткені<br>Түйме ұясына кіреді,<br>Жымыңдап қарайды, күледі.<br>Түйме ұясынан шықпаса,<br>Еркінмен жүремін, жараса.<br>Түйме салынады, сондықтан<br>Мен бүгін қорықпаймын суықтан. (Д. Ахметова) | | | | |
| Серуен | Картотека № 6 | Картотека № 4 | Картотека № 22 | Картотека № 8 | Картотека № 1 |
| Серуеннен оралу | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге үйрету.<br>Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Түскі ас | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас ішу құралдарын (ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны) орнымен қолдануға баулу, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты аузды жауып, шайнау, аузды толтырып сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)<br>Асты шашпай, төкпей іш.<br>Сораптамай, байпен іш.<br>Келген асты алдына<br>Таусып іш, қалдырма.<br>Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды.<br>«Үнемді пайдалану». Өзіне тиісті асты асықпай, ("обалға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Бата беру<br>Рахмет дәміне,<br>Ризалық берсін бәріне.<br>Аман болсын басыңыз,<br>Жүзге жетсін жасыңыз. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>«Маса мен аңдар» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. | **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>«Жер кіндігі» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) | **(музыка)**<br>Аудио Қ. Абдильдинның әні «Айым болып тудың ба». | **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>«Алтын карыз» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)**<br>Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру.<br>Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан оянғанда төсектен бірден тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет.<br>1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару.<br>2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.<br>3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, оң аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.<br>4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу.<br>Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен (мысалға, нүктелі) массаж жасау.<br>Алақанға арналған "Кірпі" жаттығуы; тікенек допты алақанға салып айналдыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру.<br>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауаны пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында "денсаулық" жолдарымен жүру.<br>Суық тиюге және тұмауға қарсы жаттығулар жасау арқылы балалардың денсаулығын нығайту, дене сымбатын жетілдіру, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Шығармашылық "Алақай, қыс келді!"**<br>**Мақсаты:** балаларды қыс мезгілінің құбылыстарымен таныстыру; қыс мезгілінде шыршаның жасыл болуының себебін түсіндіру; қар туралы білімдерін кеңейту.<br><br>**Пантомима ойыны."Қоңжықтар".**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру, дене тірбиесі)**<br>**Мақсаты:** пантомима дағдыларын дамыту.<br><br>**"Не қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** келісілген сөйлеуді | **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**<br>**Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Теңге ілу».**<br>**(дене тәрбиесі, қазақ тілі)**<br>Шарты. Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезегі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он-оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын қайғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында | **"Үй жануарлары" дидактикалық ойыны.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)**<br>**Мақсаты:** балаларды үй жануарлары мен төлдерін ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін суреттеп, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br><br>**"Көңілді жаттығулар" ойын-жаттығуы.**<br>**(математика негіздері, дене тәрбиесі)**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Өз дене мүшелеріне қызығушылықты арттыру.<br>Зейінді, физикалық қасиеттерді | **Сурет салудан ойын-жаттығулар "Қысқы қолғап".**<br>**Мақсаты:** балаларды қолғап пішінін қылқаламды пайдаланып безендіруді үйрету, пішіннің ішкі жағын бірін-бірі ретімен алмастырып тізілген ою элементтерімен толықтыру амалдарын үйрету.<br><br>**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**<br>**Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Қарақұлақ» ойыны.**<br>**(дене тәрбиесі, қазақ тілі)**<br>**Мақсаты:** балаларға бірлесіп ойын ойнауды, ойын ережесін сақтауды үйрету. Жылдам, шапшаң, епті болуға тәрбиелеу.<br>Шарты.<br>Ойынға 5-10 бала қатысады. | **Дамытушы жаттығу. "Бауырсақтың жолы".**<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Барысы: әр баланың алдына, үстелдің басына "Бауырсақтың жолы" атты карточкалар, табақшаларда түсті боршалар үлестіріледі. Қағаз бетінің бір бұрышында Бауырсақ бейнесі, екінші бұрышта үй бейнесі бар тапсырма, Бауырсақтың жолында сол және оң жақта ертегі кейіпкерлері орналасқан.<br>- Балалар, алдарында Бауырсақтың жолы жатыр. Жол ата мен әженің үйінен басталып, аңдардың жанынан өтеді. Қолдарына боршаларды алып, Бауырсақтың жолын бір аңнан екінші аңға жүргізіп, төмен қарай жіберіңдер. |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту, сөздерді алдағы уақытта дұрыс үйлестіруге үйрету.<br>Жануарлардың ойыншықтары: қораз,торай, балапан, мысық, күшік.<br>Ойын барысы:<br>балаларға дауысы арқылы жануарды анықтауды ұсынамын.<br>Кукареку! Бұл не?. Әтеш. Ол не істейді? Ол шақырады.<br>Хрю-хрю-хрю... Бұл не? Торай. Ол не істейді? Ол қорылдайды.<br>Шиқ-шиқ! Бұл не? Балапан. Ол не істейді? Шиқылдайды.<br>Кря-кря-кря... Бұл кім? Үйрек. Ол не істейді? Мылжың.<br>Мияу-мияу... Бұл не? Мысық. Ол не істейді? Миялайды.<br>Ав-Ав... Бұл не? Күшік. Ол не істейді? Абалайды.<br><br>Балаларды таңдауы бойынша орталықтарға бөлу<br>Ермексаздан жануарлар жасап орманға орналастыру. Менің Қазақстаным тақырыбында композицияны фланелеграфта жапсырту<br>**(мүсіндеу, жапсыру)** | бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.<br><br>**Сурет салудан жаттығулар.**<br>**"Жаңа бояуды жасайық".**<br>**Мақсаты:** қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану; қауіпсіздік ережелерін ұстану.<br>Балалардың жаңа түстерді жасауға деген қызығушылығын арттыру. | дамыту.<br>Сөзбен айтылған, бірақ көрсетілмеген тапсырманы мұқият тыңдап, орындауды ұсынамын:<br>- Қол белде, басымызды жоғары көтеріп, төмен түсіреміз.<br>- Екі қолды оң мен солға жаямыз, бастан жоғары көтеріп, шапалақтаймыз.<br>- Қолдарды төмен түсіреміз, белге қоямыз, төмен отырамыз, қолды алға созамыз.<br>- Орнымыздан тұрып, қолдармен алдыда бір шапалақ ұрып, артта да шапалақ ұрамыз.<br><br>**«Өлшеміне қарай сәйкестендір» үстел үсті ойыны.**<br>**(математика негіздері)**<br>**Мақсаты:** заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Балаларды заттарды берілген өлшем бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы көлемі) салыстыруға үйрету, бір затты екіншісімен салыстырып нәтижелерді салыстыруды дамыту. | Олар оңаша жерге топталып өз араларынан бір баланы қазық етіп белгілейді. Қазық тұрған жерінде қозғалмай тұрады. Басқалары әрі қарай кетеді. Содан кейін ойынға қатысушылар қазықты алыстан қоршап келіп, бірте-бірте оған жақындай түседі.<br>Қазыққа таяп келіп: «Мынау кім?» - деп, бір-бірінен сұрасады. Балалардың біреуі: «Ой, бұл қарақұлақ қой!» - деп, алысқа қаша жөнеледі. Қалғандары оның сөзін қайталап, жан-жаққа бытырай қашады. Қарақұлақ біреуін ұстап алмақ болып, балаларды тұра қуады. Ұсталған бала қарақұлақ болып, ойын әрі қарай жалғасады. | Балалар қарындашпен үйден Бауырсаққа дейін сызықты үзбей жүргізіп отырады.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығулар**<br>**"Жасыл шырша жанында".**<br>**Мақсаты:** балалардың шырша туралы әнді тыңдау кезінде зейінін және Аяз ата туралы әнді айтуда есте сақтау қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсіне білуге үйрету; музыкалық жетекшімен және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; топпен ән айту кезінде ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; би қимылдарын орындаудаептілікке, дәлдікке үйрету.<br>Балаларды мәдени қарым-қатынас пен әдептілік ережелеріне тәрбиелеу; оқу қызметіне белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру.<br>"Тәтті бал" тілге арналған жаттығу. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Шыршалар қар жамылды".**<br>**Мақсаты:** жасыл бор арқылы шырша бейнесін салып, қылқаламмен шырша үстінде жатқан ақ қарды салуды үйрету.<br>**(сурет салу)** | **"Шалқан" ертегісін драматизациялау.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** балалардың театрландырылған шараларға деген қызығушылығын ояту.<br>Балаларға арналған міндет: кейіпкерлердің эмоциясын жеткізе отырып, балаларды саусақпен қимылдауға үйрету. | **"Түлкілер мен тауықтар" қимылды ойыны.**<br>**(дене тәрбиесі)**<br>**Мақсаты:** жылдам жүгіруді, ептілікті дамыту.<br>Барысы: бөлменің бір шетінде тауық қорасындағы тауықтар мен әтештер орналасқан. Қарсы бетте тауықтар бар. Тауықтар мен әтештер (үш-бес ойыншы) дәнді дақыл жеп жүргендей бөлме айналасында жүреді.<br>Түлкі оларға жақындағанда әтештер: "Ку-ка-ре-ку!" деп | **«Қатарын жалғастыр»**<br>**Мақсаты:** үлгіні сақтап орналастыру, логикалық ойлауын дамыту. **(таным)** | **Дидактикалық ойын**<br>**«Анасын тап»**<br>**Мақсаты:**<br>**Сөздік қорын молайту,**<br>**Байқампаздық қабілеттерін арттыру. (қоршаған әлеммен таныстыру)** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Амангалова Аузат<br>Қайрат Нұрәли | Усман Мен мақсат | айқайлайды. Бұл белгі бойынша барлығы тауық қорасына жүгіреді, олардың артынан түлкі жүгіреді, ол ойыншылардың кез келгенінe қолын тигізуге тырысады.<br>Мұрадым Мұрагер | Манарбек Азамат | Бекет Айналмаз |
| Серуенге дайындық | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет)**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс қоюды үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы).<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде тақтайшадан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды аузына алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). | | | | |
| Серуен | Картотека № 9 | Картотека № 3 | Картотека № 14 | Картотека № 11 | Картотека № 13 |
| Серуеннен оралу | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге үйрету.<br>Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | "Туған жерім тамаша" тақырыбына көрме ұйымдастыру. | Психолог кеңесі. Мысалы "Ойыншықты дұрыс таңдау" туралы болуы мүмкін.<br>Кейбір ойыншықтардың сырты көз тартатындай болғанымен баланың денсаулығына тигізетін зиянын жайында балаға түсіндіру, ұғындыру. | Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту. | "Тәуелсіздік - тірегім" тақырыбында газет көрмесі. | Ата-аналармен әңгіме жүргізу: "Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру керек?" |

Тәрбиешілер: **А.А. Кенжебаева. Б.Б.Есетова**



Scanned with CamScanner

Тексерілген күні: 12.12.25ж.
Әдіскер: [signature] А.А.Жумагалиева

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**
**Желтоқсан айы (3-апта)**

Мектепке дейінгі ұйым : «Балбөбек» жеке бөбекжайы
Топ: «Құлыншақ» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 15.12 - 19.12.2025ж.
Желтоқсан «Бірлік пен ынтымақ айы»

| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| | 15.12.2025ж. | 16.12.2025ж. | 17.12.2025ж. | 18.12.2025ж. | 19.12.2025ж. |
| Апта дәйексөзі: Бірлігі жоқ ел тозады, Бірлігі күшті ел озады. (Мақал) | | | | | |
| Балаларды қабылдау | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Сәлемдесу<br>Қуанамын мен де<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық достарым!<br>Арайлап атқан күнге!<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) | | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Сәлемдесу<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Сәлемдесу<br>Достарымның барлығын,<br>Сыйлап, жақсы көремін.<br>Алақаным арқылы<br>Жылуымды беремін.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>«Күй күмбірі»<br>Күймен балаларды қарсы алу. |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналарға кеңес. "Үйдегі бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар". | | Ата-аналарға кеңес. "Ұйқының жетіспеушілігі неге әкеледі?" | «Балаңыздың неге бейім екендігін байқадыңыз ба?» | Кеңес беру. «Неліктен бала тыңдамайды?» |
| Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік. | «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Ойыншықтар мен құралдар сөрелерінде тәртіп орнатайық».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу) | | «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Бөлме өсімдіктерін суару».<br>(еңбек дағдылары, дербес іс-әрекеті, қоршаған әлеммен таныстыру) | «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Ойыншықтар мен құралдар сөрелерінде тәртіп орнатайық».<br>(еңбек дағдылары, дербес іс- | Ұлттық сезім күні<br><br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары: Әр заттың орнын табу.<br>(еңбек дағдылары, дербес іс- |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | **Мақсаты:** заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану амалдарын түсінуге көмектесу; әр заттың өз орнын есте сақтап, қайта орнына қоюға үйрету; өзгеге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**"Түстерін тап" үстел үсті ойыны.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** түстер туралы білімді бекіту, зейінді дамыту.<br>Үстелге түрлі түсті қарындаш суреттері бар карточкалардың жартысын (немесе, керісінше, суреттердің жартысын) жоғары қаратып қою. Баладан, мысалы, қызыл түске сәйкес барлық қызыл түсті суреттерді таңдауды сұраңыз. Содан кейін көк, сары және т.б. Балалар алдымен екі түсті суреттерді, содан кейін үш түсті суреттерді таңдап, тапсырманы қиындатуға болады.<br><br>**"Өю саламыз" саусақ жаттығуы.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, дене тәрбиесі)**<br>**Мақсаты:** баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, саусақ жаттығуларын,тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу)<br>Оюды саламыз: | | **Мақсаты:** бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау (мысалы, фикус, аспидистра, бальзамин), өсімдік бөліктерін тану; қарапайым тапсырмаларды өздігінен (ересектің көмегімен) орындауға, өсімдіктерді (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажетіне қарай) суаруға баулу; қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**"Лото "Жануарлар"" үстел ойыны.**<br>**(танымдық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруға және жалпы атауларын атауға үйрету; зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй жануарлары мен жабайы жануарлардың суреттері бойынша.<br><br>**"Қонжық орманда жүреді" қимыл жаттығуы.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)**<br>**Мақсаты:** балаларды жаттығу сөздерін айта жүріп, мәтінге сай қимыл-қозғалыстарды жасауға дағдыландыру; артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Қонжық орманда жүреді, (Екі аяқ иық еніңде, қол белде)<br>Маймаңдайды, теңселеді.<br>(Маймаңдау, қонжық жүрісіне еліктеу)<br>Маймаңдайды, теңселеді.<br>Тәтті жидекті тереді. (Отыру, | **әрекеті, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданыста болған соң ойыншықтарды, заттарды орнына жинауға баулу.<br>Заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану амалдарын түсінуге көмектесу; әр заттың өз орнын есте сақтап, қайта орнына қоюға үйрету; өзгеге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**"Ұқсасын ізде" (іздеу).**<br>**(танымдық дағдылар)**<br>**Мақсаты:** зейінді дамыту. 10-15 секунд бойы балаға айналасынан түсі (өлшемі, пішіні, материалы және т.с.с.) бірдей мейлінше көп зат табуды ұсыну.<br><br>**Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Жаңа өлеңдерді тыңдай білуге үйрету.<br>Әзілбай Табылдиев «Шырша».<br>Қызық-думан күн келді,<br>Жасыл шырша түрленді.<br>Аяз сүйіп, терледі, | **әрекеті, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** балаларды тазалыққа және ұқыптылыққа үйрету, тәрбиешінің көмекшісіне топтық бөлмеде тазалықты сақтауға көмектесу, атап айтқанда, орындықтардың тазалығын қадағалау (дымқыл шүберекпен сүрту, оқу қызметінен және тамақтан кейін орындарына қою).<br><br>**"Сыпайы сөздер" дидактикалық ойыны.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** балаларда өзін-өзі ұстау мәдениетін, сыпайылықты, әрқайсысына деген құрмет сезімін, досқа, бір-біріне көмектесуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу.<br>Барысы: балаларға әртүрлі сюжеттер бейнеленген суреттерді көрсетемін және сұрақтар қоямын. Балалар сұрақтарға толық жауап береді.<br><br>**"Зат неге ұқсайды?" ойыны.**<br>**(математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** балалар бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету.<br>Құралдары: геометриялық пішіндерге ұқсайтын заттардың сурет-карточкалары. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау)<br>Доңгелек, (Шеңбер салу)<br>Ирек, (Толқындар жасау)<br>Қанат, (Қос қолмен бұлғау)<br>Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету)<br>Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау)<br>Д. Ахметова. | | саусақтармен еденді соққылау)<br>Ағаштарға жорғалайды, (Екі қол кеуде алдында бүгулі, қолдарды көтеріп-түсіру, аяқтарды, түзе бүгіп, кезек көтеріп-түсіру)<br>- Бал бересің бе? - сұрайды. (Екі алақанды қосып, үйкелеу)<br>- Бал бересің бе? - сұрайды.<br>Жерге түсіп, маймаңдайды<br>(Маймаңдап жүру)<br>Д. Ахметова | Үйге кірді төрледі.<br><br>Сылдырайды моншағы,<br>Шыршамыздың мол шамы.<br>Бізбен бірге жайнарым<br>Жарқырады, жайнады.<br><br>Үстел үсті ойыны: "Суретті құрастыр".<br>(құрастыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: бөлшектерден тұтас бір бөлікті құрастыруды үйрету, балалардың қабылдауын және байқағыштығын дамыту. | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>**(дене тәрбиесі, музыка, дербес әрекет)**<br>1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, атластық таспаны ұстаған қолдарды алға ұстау;<br>1-1 атластық таспаларды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6-8 рет қайталау);<br>1-2 бастапқы қалыпқа келу.<br>2. Бастапқы қалып тік тұру, атластық таспаларды екі қолмен ұстау;<br>2-1 жерге отырып, атластық таспаларды иық тұсына қою; тұрып, атластық таспаларды алға қою (4-5 рет қайталау);<br>2-2 бастапқы қалыпқа келу;<br>3. Екі атластық таспаны бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру. | | | | |
